

Талғар ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2022 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

Алматы облысы Талғар аудандық мәслихатының 2022 жылғы 28 қыркүйектегі № 32-103 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылы 3 қазанда № 29977 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-10 - тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы № 787 қаулысына сәйкес, Талғар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Талғар ауданы бойынша шетелдіктер үшін туристерді орналастыру орындарындағы туристік жарна 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда – болу құны 0 (нөл) пайыз болып бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Талғар аудандық мәслихатының хатшысы

М. Алибеков